

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Т.К. Бәсенов атындағы Сәулет, құрылыс және энергетика институты

Энергетика кафедрасы

Хамит Нұрбол Болатбекұлы

Кернеуі 220/110/10кВ №131 “Горный гигант” қосалқы станциясының  
тұтынушыларын қоректендіруші электр тораптарын жобалау

**ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС**

5B071800 – Электр энергетикасы

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Т.К. Бәсенов атындағы Сәулет, құрылыс және энергетика институты

Энергетика кафедрасы

**ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ**

Кафедра меңгерушісі м.а.

PhD докторы, ассистент профессор

 Е.А. Сарсенбаев

«20» 05 2019 ж.

### ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: «Кернеуі 220/110/10кВ №131“Горный гигант” қосалқы станциясының тұтынушыларын қоректендіруші электр тораптарын жобалау»  
5B071800 – Электр энергетикасы мамандығы бойынша

Орындаған

Хамит Н.Б.

Пікір беруші


АЭЖБУ “Электр машиналары және электр жетегі” кафедрасының доценті, PhD

 Алмуратова Н.К.

«10» 05 2019 ж.

Ғылыми жетекші

техн.ғыл.канд., асоц.профессор

 Ақпанбетов Д.Б.

«11» 05 2019 ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Т.К. Бәсенов атындағы Сәулет, құрылыс және энергетика институты


Энергетика кафедрасы

5B071800 – Электр энергетикасы

**БЕКІТЕМІН**

Кафедра меңгерушісі м.а.

PhD докторы, ассистент профессор

 Е.А. Сарсенбаев

«28» 01 2019 ж.

**Дипломдық жұмысты орындауға  
ТАПСЫРМА**

Білім алушы *Хамит Нұрбол Болтбекұлы*

Тақырыбы: *«Кернеуі 220/110/10кВ №131 “Горный гигант” қосалқы станциясының тұтынушыларын қоректендіруші электр тораптарын жобалау»*

Университет ректорының 2018ж. «30» қазандағы № 1210-б бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі «25» сәуір 2019 ж.

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістер:  $P1=20$  МВт,  $P2=50$  МВт,  $P3=20$  МВт,  $L1=20$  км,  $L2=35$  км,  $L3=50$  км,  $L5=140$  км,  $\cos \varphi=0.85$ ,  $T_{max}=6000$ ,  $Min_{режим}=48\%$

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі

*а) Кернеуі 220 кВ электр торабын жобалау;*

*б) Арнайы бөлім. Тауғұл қосалқы станциясын жетілдіру;*

*в) Еңбек қорғау және қауіпсіздік;*

Сызбалық материалдар тізімі: Сызбалық материалдарды слайдпен дайындау

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер: 18 атау

**Дипломдық жұмысты дайындау  
КЕСТЕСІ**

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Кернеуі 220 кВ электр торабын жобалау	22.02.19.	21.04
Таугұл қосалқы станциясын жетілдіру	29.03.19.	20.05
Еңбек қорғау және қауіпсіздік	25.04.19.	21.05

**Дипломдық жұмыс бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жұмысқа қойған қолтаңбалары**

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Негізгі бөлім	Д. Б. Ақпанбетов Техн.ғыл.канд, ассоц.профессор		
Еңбек қорғау және қауіпсіздік	Д. Б. Ақпанбетов Техн.ғыл.канд, ассоц.профессор		
Норма бақылау	Н.Е. Балгаев, сениор-лектор	3.05.19ж	

Ғылыми жетекші \_\_\_\_\_

Д.Б. Ақпанбетов

Тапсырманы орындауға алған білім алушы \_\_\_\_\_

Н.Б. Хамит

Күні \_\_\_\_\_

« 10 » 05 2019 ж.

**Протокол анализа Отчета подобия**

**заведующего кафедрой / начальника структурного подразделения**

Заведующий кафедрой / начальник структурного подразделения заявляет, что ознакомился(-ась) с Полным отчетом подобия, который был сгенерирован Системой выявления и предотвращения плагиата в отношении работы:

**Автор:** Хамит Нұрбол Болатбекұлы

**Название:** Кернеуі 220\_110\_10кВ №131 “Горный гигант” қосалқы станциясының тұтынушыларын коректендіруші электр тораптарын жобалау.doc

**Координатор:** Дархан Акпанбетов

**Коэффициент подобия 1:**21,7

**Коэффициент подобия 2:**12,5

**Тревога:**25

**После анализа отчета подобия заведующий кафедрой / начальник структурного подразделения констатирует следующее:**

- обнаруженные в работе заимствования являются добросовестными и не обладают признаками плагиата. В связи с чем, работа признается самостоятельной и допускается к защите;
- обнаруженные в работе заимствования не обладают признаками плагиата, но их чрезмерное количество вызывает сомнения в отношении ценности работы по существу и отсутствием самостоятельности ее автора. В связи с чем, работа должна быть вновь отредактирована с целью ограничения заимствований;
- обнаруженные в работе заимствования являются недобросовестными и обладают признаками плагиата, или в ней содержатся преднамеренные искажения текста, указывающие на попытки сокрытия недобросовестных заимствований. В связи с чем, работа не допускается к защите.

Обоснование:

.....  
.....  
.....  
.....  
.....

10.05.2019



Дата

Подпись заведующего кафедрой /

начальника структурного подразделения



Окончательное решение в отношении допуска к защите, включая обоснование:

*допустить к защите*

*10.05.2019*

Дата



Подпись заведующего кафедрой /

начальника структурного подразделения

Студент

Хамит Нұрбол

(аты-жөні)

**Дипломдық жұмысына  
П І К І Р**

Мамандық

5B071800 – Электр энергетикасы

Дипломдық жұмыс тақырыбы

**Кернеуі 220/110/10кВ №131 “Горный гигант” қосалқы станциясының  
тұтынушыларын қоректендіруші электр тораптарын жобалау**

- а) графикалық бөлімі 11 слайд Power point форматында;  
б) түсініктемелік жазба 55 бет.

**Дипломдық жұмыс бойынша ескертулер**

*Дипломдық жұмысты негізгі, арнайы бөлімдер, еңбекті қорғау, экономикалық бөлімдері құрайды. Негізгі бөлімде кернеуі 110кВ электр беріліс желісі үшін есептеулер жүргізіледі, қысқа тұйықталу токтары есептеледі, аппараттар, құрылғылар және тіректер таңдалады. Арнайы бөлімде аварияға қарсы автоматиканың құрылғылары қарастырылады, 7UT6 құрылғысына есептеулер жүргізіледі. Еңбек қорғау бөлімінде шу мен дірілдің адам ағзасына қандай зиян келтіретіні қарастырылды. Электр қауіпсіздік бөлімде найзағайдан қорғау және асқын керененуден есептелді.*

**Ескерту:**

*1) Электр жабдықтарды таңдау барысында тиімділіктері туралы ақпарат келтірілмеген.*

*1) Арнайы бөлімде тақырыбына сай теориялық мағлұматтар басым, келтірілген экономикалық тиімділік бойынша есептеулер жеткіліксіз.*

**Дипломдық жұмыстың бағасы**

*Дипломдық жұмыс «95б», «А», «өте жақсы» деп бағаланады, ал студент Хамит Нұрбол электрэнергетика мамандығы бойынша техника және технологиялар бакалавры академиялық дәрежесіне лайық деп есептеймін.*

Пікір беруші

Алмуратова Н.Қ.

(аты-жөні)

Қызметі

**Алматы энергетика және байланыс университеті**

**«Электр машиналары және электр жетегі» кафедрасының доценті, PhD**

«10» мамыр 2019 жыл



Жоғары технологиялар инженериясы институты  
Энергетика кафедрасы

## ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС ЖЕТЕКШІСІНІҢ ПІКІРІ

Диплом  
қорғаушы

**Хамит Нұрбол Болатбекұлы**

(аты-жөні)

Тақырыбы

**Кернеуі 220/110/10кВ №131 “Горный гигант” қосалқы  
станциясының тұтынушыларын қоректендіруші  
электр тораптарын жобалау**

*Дипломдық жұмыстың түсіндірмелік жазбасы 4*

*бөлімнен құрылған. Бірінші бөлімінде электрэнергетиканың даму  
қарқынына байланысты ЭБЖ жобалау маңыздылығы көрсетілген.*

*Дипломдық жұмыстың негізгі бөлімінде ЭБЖ екі нұсқасы  
салыстырылып, техникалық экономикалық есептеулер бойынша  
тиімдісі таңдалған. Майлы ажыратқыштардың орнына элегазды  
ажыратқыштар, аз майлы ажыратқыштардың орнына вакуумдық  
ажыратқыштар таңдалған.*

*Арнайы бөлімінде қазіргі уақытта маңызды мәселелердің бірі -  
трансформатордың қорғанысын жақсарту мәселелері қарастырылған.*

*Берілген тапсырманы орындау барысында Хамит Н. дипломдық  
жұмысты тақырыбына сәйкес толық көлемде орындады және өзін  
сауатты, электр тораптарын жобалау мәселелерін өз бетімен шеше  
алатын, техникалық әдебиетпен жұмыс істей алатын  
маман ретінде көрсете білді.*

*Дипломдық жұмыс «96б», «А», «өте жақсы» деп бағаланады,  
ал студент Хамит Нұрбол Болатбекұлы 5В071800 – Электр  
энергетикасы мамандығы бойынша техника және технологиялар  
бакалавры академиялық дәрежесіне лайық деп есептеймін.*

Жетекші

*ассоц. профессор, техн. ғыл. канд.*

(ғылыми атағы, дәрежесі)

(қолы)

**Ақпанбетов Д.Б.**

(аты-жөні)

«11» 05 2019 жыл



## Протокол анализа Отчета подобия Научным руководителем

Заявляю, что я ознакомился(-ась) с Полным отчетом подобия, который был сгенерирован Системой выявления и предотвращения плагиата в отношении работы:

**Автор:** Хамит Нұрбол Болатбекұлы

**Название:** Кернеуі 220\_110\_10кВ №131 “Горный гигант” қосалқы станциясының тұтынушыларын қоректендіруші электр тораптарын жобалау.doc

**Координатор:** Дархан Ақпанбетов

**Коэффициент подобия 1:** 21,7

**Коэффициент подобия 2:** 12,5

**Тревога:** 25

**После анализа Отчета подобия констатирую следующее:**

- обнаруженные в работе заимствования являются добросовестными и не обладают признаками плагиата. В связи с чем, признаю работу самостоятельной и допускаю ее к защите;
- обнаруженные в работе заимствования не обладают признаками плагиата, но их чрезмерное количество вызывает сомнения в отношении ценности работы по существу и отсутствием самостоятельности ее автора. В связи с чем, работа должна быть вновь отредактирована с целью ограничения заимствований;
- обнаруженные в работе заимствования являются недобросовестными и обладают признаками плагиата, или в ней содержатся преднамеренные искажения текста, указывающие на попытки сокрытия недобросовестных заимствований. В связи с чем, не допускаю работу к защите.

## АНДАТПА

Бұл дипломдық жұмыс «Кернеуі 220/110/10кВ №131“Горный гигант” қосалқы станциясының тұтынушыларын қоректендіруші электр тораптарын жобалау» тақырыбы бойынша орындалған. Жұмыста қосалқы станцияларының қуаты мен саны таңдалған. Қуат және кернеу шығындары арқылы есептік жүктемелер есептелген. Сымдардың параметрлерін есептеп, соған сәйкес қимасы таңдалған.

Еңбек қорғау бөлімінде шу және діріл жұту жағдайлары қарастырылды.

Сонымен қатар электр қауіпсіздік бөлімінде қосалқы станцияны жай тартқыш арқылы тікелей найзағай соққысынан қорғау шаралары жүзеге асырылды.

## АННОТАЦИЯ

Дипломная работа выполнена на тему «Электроснабжение потребителей подстанции №131“Горный гигант” напряжением 220/110/10кВ». В работе выбрана мощность и количество подстанций. Расчетные нагрузки рассчитаны с учетом потерь мощности и напряжения. Рассчитываем параметры проводов, в соответствии с которыми выбрано сечение.

В отделе охраны труда рассмотрены условия шумового и вибрационного поглощения.

Кроме того, в части электробезопасности были осуществлены мероприятия по защите подстанции от ударов молнии непосредственно через молниеотводы.

## ANNOTATION

*Thesis is made on "Power supply to consumers of substation №131 "Gorniy Giant" with a voltage 220/110/10kV". The power and number of substations are selected in the work. Design loads are calculated taking into account power and voltage losses. Calculate the parameters of the wires, according to which the selected section.*

*The conditions of noise and vibration absorption are considered in the department of labor protection.*

*In addition, in terms of electrical safety, measures were taken to protect the substation from lightning strikes directly through lightning rods.*

## МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	
1	Технологиялық бөлім	8
1.1	Алматы облысының электр желілерінің дамуы	8
1.2	220/110/10 кВ "Горный гигант" қосалқы станциясының жүктемесін "Ерменсай" қосалқы станциясына ауыстыру	8
2	Негізгі бөлім	10
2.1	Жобаланатын тораптардың негізгі параметрлері	10
2.2	Электр беріліс желісінің номиналды кернеуін анықтау	10
2.3	Желі бойындағы қосалқы станцияларға трансформаторлар таңдау	12
2.3.1	Қосалқы станциялардың реактивті қуатын анықтау	13
2.4	Трансформаторлардың кедергілерін және шығындарын есептеу	13
2.4.1	Самал қосалқы станциялар үшін ТДН-16000/110 типті трансформаторының параметрлерін анықтау	14
2.4.2	Қазақфильм қосалқы станция үшін ТРДН-63000/220 типті трансформатордың параметрін анықтау	15
2.4.3	Горный гигант бас қосалқы станция үшін АДЦТН-125000/220/110 типті автотрансформаторының параметрлерін анықтау	16
2.5	Торап бөліктеріндегі қуат ағынын есептеу	19
2.5.1	Торап бөліктеріндегі қуат ағынын есептеу	19
2.6	Тұйықталған жүйе	
	Электр беріліс желілерінің қималарын есептеу және маркасын таңдау	21
2.6.1	маркасын таңдау	21
2.6.2	Тұйықталған жүйе	27
2.7	Ажыратылған жүйе	28
2.7.1	Максималды жүктемелердегі қуаттарды есептеу	
	Тұйықталған жүйе үшін электр беріліс желілерінің	28
2.8	максималды жүктемелердегі алмастыру схемасы және шығындары	30
2.9	Желідегі қысқа тұйықталу тогын табу және параметрлеріне сәйкес аппараттар таңдау (Қ Т)	35
2.10	сәйкес аппараттар таңдау (Қ Т)	37
3	Есептелген параметрлер бойынша электр аппараттарын таңдау	39
3.1	таңдау	39
3.2	Әуе электір беріліс желісі үшін тірек материалын таңдау	
	Таугүл қосалқы станциясын жетілдіру	40
3.3	Релелік қорғау және автоматика туралы жалпы ережелер	
	Сименс 7UT6 құрылғысын пайдалана отырып	42
4	трансформатордың қорғанысын есептеу	47

4.1	Трансформатордың дифференциалды қорғанысының	47
4.2	тағайыншамаларын есептеу	48
	Еңбекті қорғау бөлімі	53
	Шу мен дірілдің адам ағзасына, аспаптар мен жабдықтарға әсері	54
	Қондырғыларды найзағайдан асқын кернеуден қорғау	
	Қорытынды	
	Қолданылған әдебиеттер тізімі	



## ***КІРІСПЕ***

Электр энергиясын өндіру, жеткізу және тұтыну электр тарату желі жүйесіндегі маңызды буын болып табылады.

Электр тораптарының сенімді жұмысы үшін релелік қорғаныс және аварияға қарсы автоматика құрылғыларын дұрыс орындау және баптау және оның ішінде РҚА аппаратурасының жұмыс параметрлерін дұрыс таңдау маңызды.

Қосалқы станцияның тұтынушыларын электрмен жабдықтау жүйелерін жобалау күрделі және жауапты міндет болып табылады. Монтаждық жұмыстардың көлемі мен еңбек сыйымдылығына, электротехникалық қондырғыларды пайдаланудың қолайлылығы мен қауіпсіздігіне жобалық шешімдерді қабылдау тікелей әсер етеді.

Электрмен жабдықтаудың сұлбалық шешімдерін таңдау қарастырылған объектідегі қабылданған кернеу жүйелеріне байланысты. Кернеу классы көбінесе жобаланған объектідегі инвестицияларды, сондай-ақ жұмыс кезінде электр қуаты мен электр энергиясының шығындарын анықтайды. Желі кернеуін таңдау бойынша түпкілікті шешім нұсқаларды техникалық-экономикалық салыстыру негізінде қабылдану тиіс.

Электрмен жабдықтау жүйелерінің жобаларына негізгі талаптар тұтынушыларды электрмен жабдықтау сенімділігі және олардың үнемділігі болып табылады. Электрмен жабдықтаудың сенімділігі ең жетілдірілген электр аппараттарын, күштік трансформаторларды, кабель-өткізгіш өнімдерін таңдаумен, осы элементтердің номиналды жүктемелеріне қалыпты және авариялық режимдерде электр жүктемелерінің сәйкес болуымен, сондай-ақ электр торабын құрылымдық резервтеуді пайдаланумен және секциялаумен қамтамасыз етіледі.

Электрмен жабдықтау жүйесінде жоғарылатқыш және төмендеткіш қосалқы станцияларды салу үлкен материалдық шығындармен байланысты. Сондықтан жобалау кезінде жобалық шешімдердің үнемділігіне және электрмен жабдықтау жүйелерінің барлық элементтерінің жұмыс режимдеріне егжей-тегжейлі талдау жүргізілуі тиіс.

## **1 Технологиялық бөлім**

### **1.1 Алматы облысының электр желілерінің дамуы**

2030 жылға дейінгі кезеңге Алматы қаласы мен Алматы облысының аудандарын электрмен жабдықтау жүйесін дамытудың негізгі бағыттары- бұл электр желілерінің қазіргі жай-күйінің тар жерлерін жою, жаңа тұрғын үй-коммуналдық объектілерді іске қосу арқылы тұтынушыларды сенімді электрмен жабдықтауды қамтамасыз ету, энергия үнемдеуді ескере отырып, электр желілерін дамытуды оңтайландыру.

Қарастырылып отырған аймақта электр желілерін дамыту:

- табиғи және моральдық тозған электржелілік объектілерді қайта жаңарту және техникалық қайта жарақтандыру, трансформаторларды үлкен қуатқа ауыстыру, 110 кВ жаңа ҚС салу;

- 110/10 кВ жаңа және қолданыстағы тамақтану орталықтарын қосу үшін 220 кВ тірек ҚС құрылысы:

Электр тораптарын дамыту қарастырылып отырған аудандардың тұрғын үй құрылысы бойынша анықталған ең жоғары электр жүктемелерінің негізінде қолданыстағы 35 кВ және одан жоғары ҚС трансформаторларын тиеуге талдау жүргізілді, ол трансформаторлардың кейбір ҚС-на үлкен қуатқа ауыстыру қажеттілігін анықтады. Бұдан басқа, жаңа тұтынушыларды және тұрғын үй құрылысын электрмен жабдықтау үшін 110 кВ жаңа тамақтану орталықтарын салу көзделіп отыр. Қолданыстағы электр желілерін күшейту және жаңа 110 кВ ҚС қосу үшін 220 кВ ЭБЖ бар 220 кВ тірек ҚС салу қажет.

### **1.2 220/110/10 кВ "Горный гигант" қосалқы станциясының жүктемесін "Ерменсай" қосалқы станциясына ауыстыру**

Алматыда төтенше жағдайлар туындататын және электр энергиясының апаттық жағдайда сөндірілуіне әкеліп соқтыратын қауіп-қатер толығымен жойылды. «СамұрықЭнерго» электр энергиясы холдингінің Алматы энергия кешеніне қарасты «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ жүктемесін «Горный гигант» станциясынан қайта жаңартылған «Ерменсай» қосалқы станциясына ауыстыру жобасын аяқтады.

Атап өткен жөн, қаланың жоғарғы бөлігінде, тау бөктерінде орналасқан «Горный гигант» қосалқы станциясы арқылы Алматы қаласының Бостандық, Медеу аудандарындағы, Әуезов және Талғар аудандарының бір бөлігіндегі тұрғын үйлер мен өнеркәсіп нысандары электр қуатымен қамтамасыз етілді. Бұл қаладағы тозығы жеткен электр

қондырғыларының бірі саналады. Сонымен қатар трансформаторларға түсетін жүктеме өте жоғары деңгейде болғандықтан, жаңа тұтынушыларды қосу мүмкіндігі жоқ еді. 2016 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Басқармасы және Инвестициялық-инновациялық кеңесі электр қуатының беріктігін қамтамасыз ету және төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында жобаның инвестициялық кезеңін іске асыруды мақұлдады. Құрылыстың жалпы құны 6,7 млрд теңгені құрады.

Жоба аясында «Ерменсай» шағын станциясынан 40 шақырымға жуық кабель желілері орнатылды және іске қосылды. «Горный гигант» қосалқы станциясының тұтынушыларын «Ерменсай» шағын станциясына қосу үшін ұзындығы 11 шақырымнан асатын екі әуе желісі қайта құрастырылды, электр энергиясын қабылдауға, бөлуге және таратуға арналған жоғары вольттік қондырғы кеңейтілді және қайта жаңартылды. Сонымен бірге энергияны есептеу жүйелері, апаттарға қарсы автоматтандырылған құрылғылар және реле қорғанысы қондырғылары қосымша орнатылды.

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде, бұған дейін 220/110/10кВ «Горный гигант» қосалқы станциясына қосылған тұтынушылар, оның ішінде «Самал», «Қазақфильм», «Бағанашыл», «Таугүл» шағын аудандарының тұрғындарын және т.б. қоса алғанда, 220/110/10 кВ «Ерменсай» жаңа қосалқы станциясына ауыстырылды. «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ның Басқарма төрағасы Мұхит Үмбетов атап өткендей, жобаның сәтті аяқталуы ықтимал апаттардың алдын-алды. Сонымен бірге оңтүстік астананы электр қуатымен қамтамасыз етудің сенімділігін арттырып қана қоймай, жаңа тұтынушылардың қосылуына кедергі келтірген мәселені шешуге және таратылатын электр қуатының көлемін ұлғайтуға мүмкіндік берді. Компания басшысының сөзінше, жүктемені ауыстыру жұмыстары аяқталған соң, «Горный гигант» қосалқы станциясының алаңында оны бөлшектеу процесі басталды.


Бүгінгі таңда «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ 2016-2020 жылдарға арналған Инвестициялық бағдарламадағы жобаларды іске асыруды жоспарлап отыр[1].

## 2 Негізгі бөлім

### 2.1 Жобаланатын тораптардың негізгі параметрлері

Тұйықталған электр беріліс желісі, үш қосалқы станциядан тұрады, олардың ұзындықтары  $L_1 = 20$  км,  $L_2 = 35$  км,  $L_3 = 50$  км,  $L_5 = 140$  км. Қосалқы станциялардың максималды жүктемелерінің мәні келесідей  $P_1 = 20$  МВт,  $P_2 = 50$  МВт,  $P_3 = 20$  МВт. Максималдық жүктеменің жылдық сағаты  $T_{max} = 6000$  сағ. Қуат коэффициенті  $\cos \varphi = 0.85$ .

Жобалау сұлбасы 2.1-суретте бейнеленген.



2.1-сурет – Дипломдық жобаға арналған электр торабының сұлбасы

Тұтынушыларды электр энергиясымен жабдықтайтын сұлбалар қуат көзінің сенімділік шарттары, электр қабылдағыштарындағы кернеу ауытқуының рұқсат етілген мәніне, даму келешегіне, электрмен жабдықтау жүргізілетін аймақтың географиялық ерекшеліктеріне байланысты болады.

Қарапайым тұйықталған желілер айналмалы желілер болып келеді. Олар бір ғана контур құрайды. Оның артықшылығы желінің бір учаскесі үзілгенде желі басқа учаскіден қоректені береді, яғни жоғары дәрежеде тұтынушыларға электр таратудың сенімділігі болып табылады[2].

### 2.2 Электр беріліс желісінің номиналды кернеуін анықтау

Бұл дипломдық жұмыста кернеуді Стилл формуласы бойынша анықтаймыз. Стилл формуласы электр беріліс желісінің ұзындығы 200 км-



ге дейін болғанда және тасымалдау қуаты 60 МВт дейін болғанда қолданылады.

Стилл формуласы келесідей анықталады[2]:

$$U = 4.34\sqrt{L + 16P}, \quad (2.2.1)$$

мұндағы  $P$ -активті қуат,  
 $L$ -желінің ұзындығы,  
 $U$ -желінің кернеуі.

Қосалқы станциялардағы кернеу

$$U_1 = 4.34\sqrt{20 + 16 \cdot 20} = 80,03 \text{ кВ} \approx 110 \text{кВ};$$

$$U_2 = 4.34\sqrt{35 + 16 \cdot 50} = 125,41 \text{ кВ} \approx 220 \text{ кВ};$$

$$U_3 = 4.34\sqrt{50 + 16 \cdot 50} = 126,53 \text{ кВ} \approx 220 \text{ кВ}.$$

Таугүл қосалқы станциямен Бағанашыл қосалқы станцияның арасындағы тасымалданатын қуат мәні Стилл формуласының шартына сәйкес келмейтіндіктен Илларионов формуласымен анықталады. Илларионов формуласы электр беріліс желісінің ұзындығы 1000 км-ге дейін және тасымалданатын қуат 60 МВт-тан жоғары болғанда қолданылады.

$$U_5 = \frac{1000}{\sqrt{\frac{500}{L} + \frac{2500}{P}}} = \frac{1000}{\sqrt{\frac{500}{140} + \frac{2500}{90}}} = 178,57 \text{ кВ} \approx 220 \text{ кВ}$$

Кернеу шығындары келесі формуламен анықталады:

$$\Delta U = \frac{P \cdot r_0 \cdot L + Q \cdot x_0 \cdot L}{U_{\text{ном}}}, \quad (2.2.2)$$

мұндағы  $r_0$ - меншікті активті кедергі, Ом/км;  $r_0 = 0.2$  Ом.

$x_0$  - меншікті реактивті кедергі, Ом/км;  $x_0 = 0.4$  Ом.

$$\Delta U_1 = \frac{20 \cdot 0.2 \cdot 20 + 12,4 \cdot 0.4 \cdot 20}{110} = 1,63 \text{ кВ};$$

$$\Delta U_2 = \frac{50 \cdot 0.2 \cdot 35 + 30,9 \cdot 0.4 \cdot 35}{220} = 3,56 \text{кВ};$$

$$\Delta U_3 = \frac{45 \cdot 0.2 \cdot 60 + 19.4 \cdot 0.4 \cdot 60}{220} = 10,36 \text{ кВ.}$$

### 2.3 Желі бойындағы қосалқы станцияларға трансформаторлар таңдау

Электр торабының сұлбасына сәйкес екі трансформаторлы қосалқы станция қолданылады, онда трансформатордың қуаты келесі формулалар бойынша есептеледі[3]:

$$S_{\text{ec}} = \frac{P}{\cos \varphi}, \quad (2.3.1)$$

мұндағы  $P$ - активті жүктеме, МВт  
 $\cos \varphi$  – қуат коэффициенті.

$$S_{\text{тр}} \geq \frac{S_{\text{ec}}}{2 \cdot 0.7}, \quad (2.3.2)$$

мұндағы  $S_{\text{ec}}$ - толық жүктеме;  
 $S_{\text{тр}}$ - трансформатордың қуаты.  
 Самал-қосалқы станция үшін

$$S_1 = \frac{P}{\cos \varphi} = \frac{20}{0,85} = 23,529 \text{ МВА,}$$

$$S_{\text{тр}} = \frac{S_1}{1.4} = \frac{23,529}{1,4} = 16,80 \text{ МВА.}$$

Қазақфильм-қосалқы станция үшін

$$S_2 = \frac{P}{\cos \varphi} = \frac{50}{0,85} = 58,823 \text{ МВА,}$$

$$S_{\text{тр}} = \frac{S_2}{1.4} = \frac{58,823}{1,4} = 42 \text{ МВА.}$$

Бас таратушы Горный гигант қосалқы станция үшін

$$S_5 = \frac{P}{\cos \varphi} = \frac{90}{0,85} = 105,88 \text{ МВА},$$

$$S_{\text{тр}} = \frac{S_5}{1.4} = \frac{105,88}{1.4} = 75,63 \text{ МВА}.$$

### 2.3.1 Қосалқы станциялардың реактивті қуатын анықтау

Реактивті қуатты келесі формуламен анықтаймыз[3]:

$$Q_{ij} = \sqrt{S_n^2 - P_n^2} \quad (2.3.1.1)$$

$$Q_1 = \sqrt{S_1^2 - P_1^2} = \sqrt{23,529^2 - 20^2} = 12,4 \text{ Мвар}$$

$$Q_2 = \sqrt{S_2^2 - P_2^2} = \sqrt{58,823^2 - 50^2} = 30,9 \text{ Мвар}$$

$$Q_3 = \sqrt{S_3^2 - P_3^2} = \sqrt{105,88^2 - 20^2} = 103,97 \text{ Мвар}$$

Жоғарыдағы формулалардың көмегімен трансформаторлардың қуатын анықтап, келесідей трансформаторлар таңдадым: Самал қосалқы станция үшін ТДН-16000/110 типті, Қазақфильм қосалқы станция үшін ТРДН-63000/220 типті трансформатор таңдадым. Алдағы уақытта елді мекеннің өркендеуіне байланысты Горный гигант қосалқы станция үшін АТДЦТН-125000/220/110 типті автотрансформатор таңдадым. 2.3.1-кестеде таңдалған трансформаторлар мен автотрансформатордың параметрлері көрсетілген.

#### 2.3.1-кесте- Таңдалған трансформатордың параметрлері

Трансформатор типі	$S_{\text{ном}}$ МВА	$U_{\text{вн}}$ кВ	$U_{\text{нн}}$ кВ	$P_{\text{к.т}}$ кВт	$P_{\text{б.ж}}$ кВт	$U_{\text{к}} \%$	$I_{\text{х}} \%$
ТДН-16000/110	16	115	11	85	18	10,5	0,7

ТРДН-63000/220	63	230	6,6-11	265	70	11,5	0,5
АТДЦТН 125000/220/110	125	230	10,5	315	65	10,5	0,4

## 2.4 Трансформаторлардың кедергілерін және шығындарын есептеу

Трансформаторлардың кедергілері мен шығындары төмендегі формулалармен есептелінеді[4]:

$$R_{\text{тр}} = \frac{\Delta P_{\text{к.т}} \cdot U_{\text{н}}^2}{100 \cdot S_{\text{н}}} \quad (2.4.1)$$

Әр орамның реактивті кедергісін анықтаймыз:

$$X_1 = \frac{U_{\text{к}} \% \cdot U_{\text{н}}^2}{100 \cdot S_{\text{н}}} \quad (2.4.2)$$

Қуат коэффициенті бойынша толық қуатты және реактивті қуатты анықтаймыз:

$$\Delta P = \frac{P^2 + Q^2}{U_{\text{н}}^2} \cdot R; \quad (2.4.3)$$

$$\Delta Q = \frac{P^2 + Q^2}{U_{\text{н}}^2} \cdot X; \quad (2.4.4)$$

$$P' + jQ' = (P + \Delta P) + j(Q + \Delta Q); \quad (2.4.5)$$

$$\Delta Q_{\mu} = \frac{I_0 \cdot S_{\text{н}}}{100}. \quad (2.4.6)$$

2.4.1 Самал қосалқы станциялар үшін ТДН-16000/110 типті трансформаторының параметрлерін анықтау

$$R_{\text{тр}} = \frac{\Delta P_{\text{к.т}} \cdot U_{\text{н}}^2}{1000 \cdot S_{\text{н}}} = \frac{85 \cdot 115^2}{1000 \cdot 16^2} = 4,4 \text{ Ом},$$



$$X_1 = \frac{U_k\% \cdot U_H^2}{100 \cdot S_H} = \frac{10,5 \cdot 115^2}{100 \cdot 16} = 86,8 \text{ Ом},$$

$$\Delta P = \frac{P^2 + Q^2}{U_H^2} \cdot R = \frac{20^2 + 12,4^2}{115^2} \cdot 4,4 = 0,2 \text{ МВА},$$


$$\Delta Q = \frac{P^2 + Q^2}{U_H^2} \cdot X = \frac{20^2 + 12,4^2}{115^2} \cdot 86,8 = 3,6 \text{ Мвар},$$

$$P' + jQ' = (P + \Delta P) + j(Q + \Delta Q) = (20 + 0,2) + j(12,4 + 3,6) = 20,2 + j16 \text{ МВА},$$

$$\Delta Q_\mu = \frac{I_0 \cdot S_H}{100} = \frac{0,7 \cdot 16}{100} = 0,112 \text{ Мвар},$$

$$\Delta P_0 = P_{\text{б.ж}} = 18 \text{ кВт} = 0,018 \text{ МВт},$$

$$\Delta P_1'' + jQ_1'' = (20,2 + 0,018) + j(16 + 0,112) = 20,218 + j16,112.$$



2.2- сурет – ТДН – 16000/110 типті трансформаторының алмастыру схемасы

2.4.2 Қазақфильм қосалқы станция үшін ТРДН-63000/220 типті трансформатордың параметрін анықтау

$$R_{\text{тр}} = \frac{\Delta P_{\text{к.т}} \cdot U_{\text{н}}^2}{1000 \cdot S_{\text{н}}^2} = \frac{85 \cdot 230^2}{1000 \cdot 63^2} = 1,1 \text{ Ом},$$

$$X_1 = \frac{U_{\text{к}}\% \cdot U_{\text{н}}^2}{100 \cdot S_{\text{н}}} = \frac{11,5 \cdot 230^2}{100 \cdot 63} = 96,6 \text{ Ом},$$


$$\Delta P = \frac{P^2 + Q^2}{U_{\text{н}}^2} \cdot R = \frac{50^2 + 30,9^2}{230^2} \cdot 1,1 = 0,07 \text{ МВА},$$
$$\Delta Q = \frac{P^2 + Q^2}{U_{\text{н}}^2} \cdot X = \frac{50^2 + 30,9^2}{230^2} \cdot 96,6 = 6,3 \text{ Мвар},$$

$$P' + jQ' = (P + \Delta P) + j(Q + \Delta Q) = (50 + 0,07) + j(30,9 + 6,3) = 50,07 + j30,1 \text{ МВА},$$

$$\Delta Q_{\mu} = \frac{I_0 \cdot S_{\text{н}}}{100} = \frac{0,5 \cdot 63}{100} = 0,315 \text{ Мвар},$$

$$\Delta P_0 = P_{\text{б.ж}} = 70 \text{ кВт} = 0,070 \text{ МВт},$$

$$\Delta P_1'' + jQ_1'' = (50,07 + 0,07) + j(37,1 + ,315) = 50,14 + j37,415.$$



**2.3- сурет– ТДТН – 63000/220 типті трансформаторының алмастыру схемасы**

2.4.3 Горный гигант бас қосалқы станция үшін АТДЦТН-125000/220/110 типті автотрансформаторының параметрлерін анықтау

$$R_{\text{тр}} = \frac{\Delta P_{\text{к.т}} \cdot U_{\text{н}}^2}{1000 \cdot S_{\text{н}}^2} = \frac{315 \cdot 220^2}{1000 \cdot 125^2} = 0,288 \text{ Ом},$$

$$R_1 = R_2 = R_3 = 0.5 \cdot R_{\text{тр}} = 0.5 \cdot 0,288 = 0,144 \text{ Ом}.$$

Әр фазаның қысқа тұйықталу кернеулері анықталады:

$$U_{\text{к1}} = 0.5 \cdot (U_{(\text{жк-ок})} + U_{(\text{жк-тк})} - U_{(\text{ок-тк})}) = 0.5 \cdot (109 + 219,5 - 110,5) \\ == 109\%,$$

$$U_{\text{к2}} = 0.5 \cdot (U_{(\text{ок-тк})} + U_{(\text{жк-ок})} - U_{(\text{жк-тк})}) = 0.5 \cdot (110,5 + 109 - 219,5) \\ == 0\%,$$

$$U_{\text{к3}} = 0.5 \cdot (U_{(\text{жк-тк})} + U_{(\text{ок-тк})} - U_{(\text{жк-ок})}) = 0.5 \cdot (219,5 + 110,5 - 109) \\ == 110,5\%,$$

$$X_1 = \frac{109 \cdot 220^2}{100 \cdot 125} = 461,29 \text{ Ом},$$

$$X_2 = \frac{0 \cdot 220^2}{100 \cdot 125} = 0 \text{ Ом},$$

$$X_3 = \frac{110,5 \cdot 220^2}{100 \cdot 125} = 467,64 \text{ Ом}.$$

Автотрансформатордың активті, реактивті қуаттарын анықтау:

$$S_{40} = \frac{36}{0,85} = 42,4 \text{ МВА},$$

$$Q_{40} = \sqrt{42,4^2 - 36^2} = 22,4 \text{ МВАР},$$

$$S_{60} = \frac{54}{0,85} = 63,5 \text{ МВА},$$

$$Q_{60} = \sqrt{63,5^2 - 54^2} = 33,4 \text{ Мвар},$$

$$\Delta P_{43} = \frac{P^2 + Q^2}{U_H^2} \cdot R = \frac{36^2 + 22,4^2}{220^2} \cdot 0,144 = 0,004 \text{ МВт},$$

$$\Delta Q_{43} = \frac{P^2 + Q^2}{U_H^2} \cdot X = \frac{36^2 + 22,4^2}{220^2} \cdot 467,64 = 16,04 \text{ Мвар},$$

$$P'_{43} + jQ'_{43} = (36 + 0,004) + j(22,4 + 16,04) = 36,004 + j38,44 \text{ МВА},$$

$$\Delta P_{42} = \frac{54^2 + 33,4^2}{220^2} \cdot 0,144 = 0,01 \text{ МВт},$$

$$\Delta Q_{42} = \frac{54^2 + 33,4^2}{220^2} \cdot 0 = 0 \text{ Мвар},$$

$$P'_{42} + jQ'_{42} = (54 + 0,01) + j(33,4 + 0) = 54,01 + j33,4,$$

$$P_{41} + jQ_{41} = (36 + 54) + j(38,44 + 33,4) = 90 + j71,84,$$

$$\Delta P_{41} = \frac{P^2 + Q^2}{U_H^2} \cdot R = \frac{90^2 + 71,84^2}{230^2} \cdot 0,144 = 0,06 \text{ МВт},$$


$$\Delta Q_{41} = \frac{P^2 + Q^2}{U_H^2} \cdot X = \frac{90^2 + 121^2}{220^2} \cdot 461,29 = 198,61 \text{ Мвар},$$

$$P'_4 + jQ'_4 = (90 + 0,06) + j(121 + 198,61) = 90,06 + j319,61,$$

$$\Delta P_0 = P_{6,ж} = 0.65 \text{ МВт},$$

$$\Delta Q_\mu = \frac{I_0 \cdot S_H}{100} = \frac{0.4 \cdot 125}{100} = 0,5 \text{ Мвар},$$

$$P''_4 + jQ''_4 = (90,06 + 0,65) + j(319,61 + 0,5) = 90,71 + j320,11.$$



2.4-сурет – АТДЦТН – 125000/220/110 типті автотрансформаторының алмастыру схемасы

## Қорытынды

Электрмен жабдықтау жүйесі жобалаудың бірінші кезеңі болғандықтан электр жүктемелерін анықтау болып табылады, біздің жағдайда осы тарауда электр жүктемелері тәуліктік өлшеулер деректері бойынша анықталған.

Сондай-ақ, бұл тарауда күштік трансформаторлардың саны мен қуатын таңдау жүргізілді. Трансформаторлардың қуаты (техникалық шарттар бойынша) және ОК және ТК желілері бойынша резервті есепке ала отырып, жұмыс кезінде жөндеу немесе ауыстыру олардың біреуінің қуатын ажырату толық жүктемені қоректендіруді қамтамасыз етті. Осыған байланысты ТДН-16000/110, ТРДН-63000/220, АТДЦТН-125000/220/110 күштік трансформаторларын тандадым.

## 2.5 Торап бөліктеріндегі қуат ағынын есептеу

### 2.5.1 Тұйықталған жүйе

Тұйықталған жүйенің электр желісіндегі активті және реактивті қуат ағынын қарастырған кезде тұйықталған желі 2 жақтан қоректендірілетін желі ретінде қарастырылады[5].

Қуат ағынын есептеу келесі формулалар арқылы жүргізіледі:

$$P_A = \frac{P_1(L1) + P_2(L1 + L2) + P_3(L1 + L2 + L3)}{L1 + L2 + L3 + L4}; \quad (2.5.1.1)$$

$$Q_A = \frac{Q_1(L1) + Q_2(L1 + L2) + Q_3(L1 + L2 + L3)}{L1 + L2 + L3 + L4}; \quad (2.5.1.2)$$

$$P'_A = \frac{P_3(L4) + P_2(L4 + L3) + P_1(L4 + L3 + L2)}{L1 + L2 + L3 + L4 + L5}; \quad (2.5.1.3)$$

$$Q'_A = \frac{Q_3(L4) + Q_2(L4 + L3) + Q_1(L4 + L3 + L2)}{L1 + L2 + L3 + L4}. \quad (2.5.1.4)$$

$$S_A = P_A + Q_A; \quad (2.5.1.5)$$

$$S'_A = P'_A + Q'_A. \quad (2.5.1.6)$$

Қуат ағынын есептеудің дұрыстығын тексеру шарты[5]:

$$P_A + P'_A = P_1 + P_2 + P_3; \quad (2.5.1.7)$$

$$Q_A + Q'_A = Q_1 + Q_2 + Q_3. \quad (2.5.1.8)$$

Желінің екі жақтан қоректендіруші қорек көзінің қуаттары (2.5.1.1) – (2.5.1.8) формулалары арқылы есептеледі:

$$P_A = \frac{20 \cdot 20 + 50 \cdot 20 + 35}{105} = 30 \text{ МВт},$$

$$Q_A = \frac{12,4 \cdot 20 + 30,9 \cdot 20 + 35}{105} = 18,548 \text{ МВАр},$$

$$P'_A = \frac{50 \cdot 5 + 20 \cdot 50 + 35 \cdot 175}{105} = 40 \text{ МВт},$$

$$Q'_A = \frac{30,9 \cdot 50 + 12,4 \cdot 50 + 355}{105} = 24,752 \text{ МВАр},$$

$$S_A = 30 + j 18,548,$$

$$S'_A = 40 + j 24,752,$$

$$P_A + P'_A = 30 + 40 = 70 \text{ МВт},$$

$$P_1 + P_2 = 30 + 40 = 70 \text{ МВт},$$

$$Q_A + Q'_A = 24,752 + 18,548 = 43,3 \text{ МВАр},$$


$$Q_1 + Q_2 = 12,4 + 30,9 = 43,3 \text{ МВАр},$$

$$S_{12} = S'_A - S_1 = 30 + j 18,548 - 20 - j 12,4 = 10 + j 6,148,$$

$$S_{23} = S_A - S_2 = 40 + j 24,752 - 50 - j 30,9 = 10 + j 6,148,$$

$$S_{\text{топ}} = S_A + S'_A = 30 + j 18,548 + 40 + j 24,752 = 70 + j 43,3.$$





2.5-сурет - Электр беріліс желісінің сұлбасы

## 2.6 Электр беріліс желілерінің қималарын есептеу және маркасын таңдау

### 2.6.1 Тұйықталған жүйе

Сымның қимасы есептік токты анықтау арқылы токтың экономикалық тығыздығы шартына тексеру арқылы анықталады.

1 кВ жоғары кернеулі сымдар мен кабельдердің қимасын таңдау экономикалық интервалдар әдісін қолдану арқылы экономикалық тұрғыдан қалыпты режим шарттары үшін орындалады.

Желінің әрбір бөлігіндегі токтары анықталады, ол тасымалданатын қуат пен кернеуге байланысты келесідей табылады[6]:

$$I_{ec} = \frac{S_{ном}}{\sqrt{3} \cdot U_{ном}}, \quad (2.6.1.1)$$

$$I_{01} = \frac{\sqrt{70^2 + 43,3^2}}{\sqrt{3} \cdot 220} = 216,036 \text{ A},$$

$$I_{12} = \frac{\sqrt{30^2 + 18,548^2}}{\sqrt{3} \cdot 110} = 160,321 \text{ A},$$

$$I_{31} = \frac{\sqrt{40^2 + 24,752^2}}{\sqrt{3} \cdot 220} = 123,787 \text{ A},$$

$$I_{23} = \frac{\sqrt{10^2 + 6,148^2}}{\sqrt{3} \cdot 220} = 30,89 \text{ A}.$$

Экономикалық қиманы таңдау келтірілген шығынның минималды шығындары болып табылады. Келтірілген шығынның минималды мәніне сәйкес келетін қима – экономикалық қима деп аталады. Экономикалық қима токтың экономикалық тығыздықтары нормаланған мәніне сай таңдалады[6].

$$S_{\text{эк}} = \frac{I}{j_{\text{эк}}}, \quad (2.6.1.2)$$

мұндағы  $j_{\text{эк}}$  – токтың экономикалық тығыздығы, ол ( $j_{\text{эк}}=1,5\text{A}/\text{мм}^2$ ) тең.

Сымның қимасы есептеледі:

$$S_{\text{эк01}} = \frac{216,036}{1.5} = 144,024 \text{ мм}^2.$$

Табылған мәнге сәйкес АС-150/34 маркалы алюминий-болат сым таңдалды. Апаттық режимдегі тогы:

$$I_{\text{доп}} = 450 \text{ А.}$$

Сымның қимасы есептеледі:

$$S_{\text{эк12}} = \frac{160,321}{1.5} = 106,88 \text{ мм}^2.$$

Табылған мәнге сәйкес АС-120/27 маркалы алюминий-болат сым таңдалды. Апаттық режимдегі тогы:

$$I_{\text{доп}} = 375 \text{ А.}$$

Сымның қимасы есептеледі:

$$S_{\text{эк31}} = \frac{123,787}{1.5} = 82,544 \text{ мм}^2.$$

Табылған мәнге сәйкес АС-95/16 маркалы алюминий-болат сым таңдалды. Апаттық режимдегі тогы:

$$I_{\text{доп}} = 330 \text{ А.}$$

Сымның қимасы есептеледі:

$$S_{\text{эк23}} = \frac{30,88}{1.5} = 20,59 \text{ мм}^2.$$

Табылған мәнге сәйкес АС-25/4,2 маркалы алюминий-болат сым таңдалды. Апаттық режимдегі тогы:

$$I_{\text{доп}} = 142\text{А}.$$

Таңдалған сым маркасы мен есептелген қиманың мәні туралы мәліметтер 2.6.1- кестеге жазылады.

### 2.6.1.1 - кесте - Таңдалған сым маркасы мен есептелген қиманың мәні туралы мәліметтер

Аймақтар	$I_{\text{ес}}$ , А	$S_{\text{эк34}}$ , мм <sup>2</sup>	Сым маркасы, мм <sup>2</sup>	$I_{\text{доп}}$ , А
0-1, L=140км	216,036	144,024	АС-150/34	450
1-2, L=20км	160,321	106,88	АС-120/27	375
2-3, L=35км	30,88	20,59	АС-25/4,2	142
3-1, L=50км	123,787	82,544	АС-95/16	330

Кернеуі 110 кВ біртізбекті және 220 кВ екі тізбекті әуе электр беріліс желісінің салыстырмалы параметрлері анықталады..

Сымның параметрлері келесідей анықталады:

Меншікті активті кедергі, Ом/км[7]

$$r_0 = \frac{\rho}{S}. \quad (2.6.1.3)$$

Сымның радиусы, мм

$$r_{\text{сым}} = \frac{D_{\text{сым}}}{2}. \quad (2.6.1.4)$$

Меншікті реактивті кедергі, Ом/км

$$x_0 = 0,144 \cdot \lg \cdot \left( \frac{D_{\text{опт}}}{r_{\text{сым}}} \right) + 0,0157. \quad (2.6.1.5)$$

Меншікті реактивті өткізгіштік, См/км

$$b = \frac{7,58 \cdot 10^{-6}}{\lg(D_{opt} / r_{сым})}. \quad (2.6.1.6)$$

Сымдардың арасындағы орташа геометриялық арақашықтық мынаған тең

$$D_{opt} = \sqrt[3]{D_{1-2} \cdot D_{2-3} \cdot D_{1-3}}. \quad (2.6.1.7)$$

Тұйықталған желінің кедергілерін келесі формулалар арқылы есептеледі.

Желінің активті кедергісін келесі формула арқылы есептеледі[6]

$$R_i = r_0 \cdot l. \quad (2.6.1.8)$$

Желінің реактивті кедергісін келесі формула арқылы есептеледі

$$X_i = r_0 \cdot l. \quad (2.6.1.9)$$

Желінің реактивті өткізгіштігін келесідей есептеледі

$$B_i = b_0 \cdot l. \quad (2.6.1.10)$$

Желінің соңындағы зарядтық қуатты келесі формуламен есептеледі

$$Q_{ci} = \frac{1}{2} \cdot U_{ном}^2 \cdot B_i. \quad (2.6.1.11)$$

Горный гигант-Самал аймағы үшін (2.6.1.3)-(2.6.1.11) формулалары арқылы салыстырмалы параметрлері есептелінеді:

$$r_{01} = \frac{31.52}{150} = 0.21 \frac{\text{Ом}}{\text{км}},$$

$$r_{сым 01} = \frac{1.75}{2} = 0.855 \text{ см},$$

$$D_{opt 01} = \sqrt[3]{8 \cdot 8 \cdot 8} = 8 \text{ м} = 800 \text{ см},$$

$$x_{01} = 0.144 \cdot \lg\left(\frac{D_{\text{опт}}}{r_{\text{сым } 01}}\right) + 0.0157 = 0.144 \lg\left(\frac{800}{0.855}\right) + 0.0157 = 0.442,$$

$$b_{01} = \frac{7.58 \cdot 10^{-6}}{\lg(D_{\text{опт}}/r_{\text{сым } 01})} = \frac{7.58 \cdot 10^{-6}}{\lg\left(\frac{800}{0.855}\right)} = 2.56 \cdot 10^{-6} \text{ СМ/КМ},$$

$$R_{01} = r_{01} \cdot l = 0.21 \cdot 140 = 29,4 \text{ Ом},$$

$$X_{01} = x_{01} \cdot l = 0.442 \cdot 140 = 61,88 \text{ Ом},$$

$$B_{01} = b_{01} \cdot l = 2,56 \cdot 10^{-6} \cdot 140 = 358,4 \cdot 10^{-6} \text{ СМ},$$

$$Q_{01} = \frac{1}{2} U_{\text{ном}}^2 \cdot B_{01} = \frac{1}{2} \cdot 220^2 \cdot 385,4 \cdot 10^{-6} = 8,67 \text{ МВар}.$$

Самал-Қазақфильм аймағы үшін (2.6.1.3)-(2.6.1.11) формулалары арқылы салыстырмалы параметрлері есептелінеді:

$$r_{12} = \frac{31.52}{120} = 0,26 \text{ Ом/КМ},$$

$$r_{\text{сым } 12} = \frac{1,54}{2} = 0,77 \text{ СМ},$$

$$D_{\text{опт } 12} = \sqrt[3]{5 \cdot 5 \cdot 5} = 5 \text{ М} = 500 \text{ СМ},$$

$$\begin{aligned} x_{12} &= 0.144 \cdot \lg\left(\frac{D_{\text{опт}}}{r_{\text{сым } 12}}\right) + 0.0157 = 0.144 \lg\left(\frac{500}{0,77}\right) + 0.0157 \\ &= 0,42 \text{ Ом/КМ}, \end{aligned}$$

$$b_{12} = \frac{7.58 \cdot 10^{-6}}{\lg(D_{\text{опт}}/r_{\text{сым } 01})} = \frac{7.58 \cdot 10^{-6}}{\lg\left(\frac{500}{0,77}\right)} = 2,69 \cdot 10^{-6} \text{ СМ/КМ},$$

$$R_{12} = r_{12} \cdot l = 0,26 \cdot 20 = 5,2 \text{ Ом},$$

$$X_{12} = x_{12} \cdot l = 0,42 \cdot 20 = 8,4 \text{ Ом},$$

$$B_{12} = b_{12} \cdot l = 2,69 \cdot 10^{-6} \cdot 20 = 53,8 \cdot 10^{-6} \text{ СМ},$$

$$Q_{12} = \frac{1}{2} U_{\text{НОМ}}^2 \cdot B_{12} = \frac{1}{2} \cdot 110^2 \cdot 53,8 \cdot 10^{-6} = 0,325 \text{ МВар.}$$

Қазақфильм-Бағанашыл аймағы үшін (2.6.1.3)-(2.6.1.11) формулалары арқылы салыстырмалы параметрлері есептелінеді:

$$r_{23} = \frac{31,52}{25} = 1,2 \text{ Ом/км,}$$

$$r_{\text{СЫМ } 23} = \frac{0,69}{2} = 0,345 \text{ см,}$$

$$D_{\text{ОРТ } 23} = \sqrt[3]{8 \cdot 8 \cdot 8} = 8 \text{ м} = 800 \text{ см,}$$

$$\begin{aligned} x_{23} &= 0,144 \cdot \lg\left(\frac{D_{\text{ОРТ}}}{r_{\text{СЫМ } 23}}\right) + 0,0157 = 0,144 \lg\left(\frac{800}{0,345}\right) + 0,0157 \\ &= 0,5 \text{ Ом/км,} \end{aligned}$$

$$b_{23} = \frac{7,58 \cdot 10^{-6}}{\lg(D_{\text{ОРТ}}/r_{\text{СЫМ } 23})} = \frac{7,58 \cdot 10^{-6}}{\lg\left(\frac{800}{0,345}\right)} = 2,25 \cdot 10^{-6} \text{ См/км,}$$

$$R_{23} = r_{23} \cdot l = 1,2 \cdot 35 = 420 \text{ м,}$$

$$X_{23} = x_{23} \cdot l = 0,5 \cdot 35 = 17,5 \text{ Ом,}$$

$$B_{23} = b_{23} \cdot l = 2,25 \cdot 10^{-6} \cdot 35 = 78,75 \cdot 10^{-6} \text{ См,}$$

$$Q_{23} = \frac{1}{2} U_{\text{НОМ}}^2 \cdot B_{01} = \frac{1}{2} \cdot 220^2 \cdot 78,75 \cdot 10^{-6} = 1,9 \text{ МВар.}$$

Бағанашыл-Самал аймағы үшін (2.6.1.3)-(2.6.1.11) формулалары арқылы салыстырмалы параметрлері есептелінеді:

$$r_{31} = \frac{31,52}{95} = 0,331 \text{ Ом/км,}$$

$$r_{\text{СЫМ } 31} = \frac{1,35}{2} = 0,675 \text{ см,}$$

$$D_{\text{ОРТ } 31} = \sqrt[3]{8 \cdot 8 \cdot 8} = 8 \text{ м} = 800 \text{ см,}$$

$$x_{31} = 0.144 \cdot \lg\left(\frac{D_{\text{орт}}}{r_{\text{сым 41}}}\right) + 0.0157 = 0.144 \lg\left(\frac{800}{0.675}\right) + 0.0157 = 0.458 \text{ Ом/км},$$

$$b_{31} = \frac{7.58 \cdot 10^{-6}}{\lg(D_{\text{орт}}/r_{\text{сым 41}})} = \frac{7.58 \cdot 10^{-6}}{\lg\left(\frac{800}{0.675}\right)} = 2.466 \cdot 10^{-6} \text{ См/км},$$

$$R_{31} = r_{41} \cdot l = 0.331 \cdot 50 = 16,5 \text{ Ом},$$

$$X_{31} = x_{41} \cdot l = 0.458 \cdot 50 = 22,9 \text{ Ом},$$

$$B_{31} = b_{41} \cdot l = 2.466 \cdot 10^{-6} \cdot 50 = 123,5 \cdot 10^{-6} \text{ См},$$

$$Q_{31} = \frac{1}{2} U_{\text{ном}}^2 \cdot B_{41} = \frac{1}{2} \cdot 220^2 \cdot 123,5 \cdot 10^{-6} = 2,99 \text{ МВар}.$$

Тұйықталған жүйенің электр беріліс желісінің параметрлері 2.6.2-кестеде көрсетілген.

### 2.6.1.2-кесте Тұйықталған жүйенің электр беріліс желісінің параметрлері

Аймақтар	$r_n$ , ,Ом /км	$R_n$ , ,Ом	$x_n$ , ,Ом/ км	$X_n$ , ,Ом	$b_n$ ,См/км	$B_n$ ,См	$Q_{cn}^k$ , ,М Вар
Горный гигант-Самал, L=140км	0,21	29,4	0,442	61,88	$2,56 \cdot 10^{-6}$	$358,4 \cdot 10^{-6}$	8,67
Самал-Қазақфильм, L=20км	0,26	5,2	0,42	8,4	$2,69 \cdot 10^{-6}$	$53,8 \cdot 10^{-6}$	0,325
Қазақфильм-Бағанашыл, L=35км	1,2	42	0,5	17,5	$2,25 \cdot 10^{-6}$	$78,75 \cdot 10^{-6}$	1,9
Бағанашыл-Самал, L=50км	0,33	16,5	0,458	22,9	$2,47 \cdot 10^{-6}$	$123,5 \cdot 10^{-6}$	2,99

### 2.6.2 Ажыратылған жүйе

Желінің әрбір бөлігіндегі токтары анықталады[8]:

$$I_{ec} = \frac{S_{\text{ном}}}{\sqrt{3} \cdot U_{\text{ном}}}, \quad (2.6.2.1)$$



$$I_{01} = \frac{\sqrt{20^2 + 12,4^2}}{\sqrt{3} \cdot 110} = 123,65 \text{ A},$$

$$I_{02} = \frac{\sqrt{50^2 + 30,9^2}}{\sqrt{3} \cdot 220} = 154,43 \text{ A},$$

$$I_{03} = \frac{\sqrt{20^2 + 103,97^2}}{\sqrt{3} \cdot 220} = 278,18 \text{ A}.$$

Экономикалық қима токтың экономикалық тығыздықтары нормаланған мәніне сай таңдалады[7].

$$S_{\text{эк}} = \frac{I}{j_{\text{эк}}}, \quad (2.6.2.2))$$

мұндағы  $j_{\text{эк}}$  – токтың экономикалық тығыздығы, ол ( $j_{\text{эк}}=1,5\text{A}/\text{мм}^2$ ) тең.

$$S_{\text{эк}01} = \frac{123,65}{1.5} = 82,43 \text{ мм}^2.$$

Табылған мәнге сәйкес АС-95/16 маркалы алюминий-болат сым таңдалды. Апаттық режимдегі тогы:

$$I_{\text{доп}} = 330 \text{ A}.$$

Сымның қимасы есептеледі

$$S_{\text{эк}02} = \frac{154,43}{1.5} = 102,95 \text{ мм}^2.$$

Табылған мәнге сәйкес АС-120/27 маркалы алюминий-болат сым таңдалды. Апаттық режимдегі тогы:

$$I_{\text{доп}} = 375 \text{ A}.$$

Сымның қимасы есептеледі

$$S_{\text{эк}03} = \frac{278,18}{1.5} = 185,45 \text{ мм}^2.$$

Табылған мәнге сәйкес АС-185/24 маркалы алюминий-болат сым таңдалды. Апаттық режимдегі тогы:

